

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.276-279

## ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫ

*Әбілқадырова.А.  
Омарова Қ.М*

**Кіріспе.** Етті бағыттағы ірі қара малдарды қарқынды өсіру, сонымен қатар мал басының өсуі оның генетикалық жетілуі мен өз төлінен өсірудің жақсы сапалығымен ерекшеленетін мал басын көбейту қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағытта жұмыстың нәтижелі болуы үшін малды ата-тегі мен жанама туыстары арқылы олардың сапалылығын ұрпақтарына тұрақты беру жұмыстары қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. [1,2].

Етті ірі қара мал тұқымдарының жоғары ет өнімділігімен және аса сапалығымен, тез жетілгіштігімен, өнімге азықты аз жұмсайтындығымен ерекшеленеді. Сойған кезде жеуге жарамды жұмсақ еті мол, халықаралық стандарт талабына сай ауыр ұша және сапалы тері, шикізат алынады. Етті ірі қара шаруашылығы саласына шығын аз жұмсалады және жерді экстенсивті пайдаланатын аймақтарда тиімді ет өндіруге мүмкіндік береді [3,6].

Жақын жылдары бұл саланы ірілендіруге, шаруашылық субъектілерін мамандандыруға, шаруашылықтарда етті ірі қара малдың көпшілік бөлігін шоғырландыруға, жергілікті азық жағдайы, ұдайы өндіруді қарқынды жүргізуге, төлдерді өсіруге, жайып семіртуге және бордақылауға, өндіріс үдерісін ықшамдауға, сиырдың маусымдық төлдеуін реттеуге байланысты көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс. [4-5].

**Зерттеу әдістемесі.** Зерттеу объектісі ретінде «Байсерке Агро» ЖШС өсірілетін герефорд тұқымының 8 айдан 15 айға дейінгі жастағы төлдері, яғни тайыншалар мен бұқашықтар алынды. Бұқашықтарының өсу, даму ет өнімділігінің ерекшеліктерін анықтау. Ет алу үшін ірі қара төлін өсірудің экономикалық тиімділігін есептеу жүргізілді. Тәжірибеге алынған тайыншалар мен бұқашықтардың азықтандырылуы мен күтіп-бағу жағдайы бірдей болды. Мал басының тірі салмағын анықтау барлық тәжірибелі төлдерді ай сайын бақылап өлшеу нәтижелері бойынша жүргізілді.

Алынған деректерді биометриялық өңдеу Microsoft Excel операциялық жүйесін (9.0 нұсқасы) қолда отырып, Н.А. Плохинскийдің (1969) алгоритмдеріне сәйкес жасалды.

**Нәтижелері.** Етті ірі қара мал бұқашықтарын 15 айға дейін өсіргенде, олардың артқы ширек бөлігінің үлесі басым болды. Бұл 15 айға дейінгі

аралықта етті ірі қара мал бұқашықтары ұшасының артқы ширегінің жақсы дамығандығын көрсетеді. Геррефорд сиыры тұқымды өгізшелерінің күнделікті іс-әрекеті (жатуы, тұруы, азықтануы және т.б.) көрсеткіштері, әр тәжірибе тобынан 10 бастан құрылып зерттелді. Геррефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің өсу кезеңіне байланысты тірілей салмақтары 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Геррефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің жасына байланысты тірілей салмағының өсу динамикасы

Жасы, ай	n	Топтар					
		I			II		
		X±m	δ	Cv	X±m	δ	Cv
Жаңа туған	20	24,6±0,7	3,1	12,7	24,0±0,4	1,8	7,5
8	20	212,5±3,2	13,9	6,6	211,8±2,2	10,0	4,7
9	20	219,4±3,0	13,4	6,1	218,8±2,1	9,6	4,4
12	17	303,3±3,5	14,5	4,8	297,7±3,0	12,2	4,1
15	17	390,2±4,3	17,7	4,5	326,4±3,0	12,2	3,7
18	17	467,2±3,8	15,6	3,3	367,5±3,2	13,0	3,5

I-ші топтағы 15 ай мен 18 ай аралығында тәуліктік рационы 10 азық өлшем бірлігінде бордақылағанда, олардың тәуліктік қосымша салмағы – 846 г құрады, бұл жайылымда жайып-семіртілген қатарластарынан 394 г жоғары. Тірілей салмағының айырмашылығы 99,7 кг құрады (2-кесте).

Объективті зоотехникалық көрсеткіштердің бірі - ол малды ет алу үшін өсіру кезіндегі 1 кг тәуліктік қосымша салмаққа жұмсалатын азықтың мөлшері. Бұл белгі тұрақты тұқым қуалайды және малдың қарқынды өсуімен тікелей байланысты.

Құндылығы бірдей азықпен азықтандырылған жасы 9 айдан 12 айға дейінгі өгізшелер 1 кг қосымша тәуліктік салмақ өсіміне 6,09-6,78 азық өлшем бірлігін және 638-658 г қорытылатын протеин жұмсады. Ал, одан кейінгі малды өсіру технологиясының күрт өзгеруіне байланысты, бұл айырмашылық айтарлықтай арта түсті.

Кесте 2– Геррефорд сиыры тұқымы өгізшелерінің салмақ өсіміне жұмсалған азық өлшем бірлігі (АӨБ), кг

Топ	Жас кезеңі, ай	Салмақ өсімі, кг	Желінген азық			
			бір өгізшеге		1 кг салмақ өсіміне	
			АӨБ, кг	қорытылатын протеин,г	АӨБ, кг	қорытылатын протеин,г
I	9-12	83,9	511,1	55,2	6,09	0,658
	12-15	86,9	673,7	75,6	7,75	0,870
	15-18	77,0	876,3	96,6	11,38	1,254

	9-18	247,8	2061,1	227,4	8,32	0,918
II	9-12	78,9	534,9	50,4	6,78	0,638
	12-15	28,7	486,8	48,7	16,96	1,696
	15-18	41,1	698,9	69,9	17,00	1,700
	9-18	148,7	1720,6	169,0	11,57	1,136

Қолда ұстап бордақылау алаңында семірітілген өгізшелер 1 кг тәуліктік қосымша салмақ өсіміне 7,75 азық өлшем бірлігін және 870 г қорытылатын протеин жұмсаса, жайылымда бағылған өгізшелер 16,96 а.ө.б. және 1696 г қорытылатын протеин жұмсады; 15 айлық және 18 айлық өгізшелер тиісінше 11,38 а.ө.б. және 1254 г қорытылатын протеин; 17,0 а.ө.б. және 1700 г қорытылатын протеин жұмсады. Жалпы тәжірибе барысында II-ші топтағы өгізшелер 1 кг тәуліктік қосымша салмақ өсіміне I-ші топтағы өгізшелермен салыстырғанда 2,25 азық өлшем бірлігін (39%) артық жұмсады

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тәжірибедегі тайыншалар мен бұқашықтардың тірі салмағы жасына қарай әр түрлі болды. Біздің зерттеулерімізде өгізшелердің қарқынды өсуі кезіндегі айырмашылығы малдың белгілі. Кестедегі мәліметтен көрініп тұрғандай, барлық сойыс көрсеткіші бойынша қарқынды өсірілген өгізшелер, алты ай бойы жайылымда жайып семіртудің нәтижесіне өгізшелерден басым шықты енген салмақ мөлшерін әртүрлі мерзімде алуға болатындығын көрсетті. Геррефорд тұқымы тайыншалары мен бұқашықтардың дене өлшемдерін 15 айлық жасында алынып тұқым стандартымен салыстырылды, айтарлықтай айырмашылық болмағанын көрсетті. Яғни, етті малға тән белгілері өте айқын, тез жетілгіш, кеудесі кең, етті, аяқтары қысқа, берік келген. Бұл шаруашылықта геррефорд тұқымын өсіруде өнімділік және тұқымдық сапасы сақталып, сапалы тұқым алуға болатынын көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов Қ.Ж., Қозыбаков Б.А., Ержігітов Е.С., Майлыбаев М.Х. Етті ірі қара мал шаруашылығының қалыптасуы, дамиды және ет өндіру технологиясы (Анатикалық толу). - Алматы, 2013.- Б. 4
2. Махметов Ж.Қ., Крючков В.Д., Жуманбай Ә.Қ., Шайымов А.Б. «Қараман асыл тұқымды шаруашылығында қан жаңарту арқылы будандастырудың нәтижесі // Жаршы. 2012. - №3. – Б. 66-68.
3. Қажғалиев Н.Ж. Қазақстан Республикасында ет өндірісінің даму барысы /Қажғалиев Н.Ж. //БҚО Жәңгір ханатындағы БҚАТУ «Батыс Қазақстанда халық шаруашылығы дамудың экономикалық аспекті» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары – Орал, 2007. -193-195 б
4. Абылгазинова А.Т. Изучение мясных качеств молодняка казахской белоголовой породы в зависимости от возраста, происхождения и классификации говядины в соответствии с международными требованиями: дис канд. с.-х. наук. – Шымкент, 2010. – 105 с.

5. Нұрғазы Қ.Ш. Мал шаруашылығы негіздері практикумы / Алматы, 2008. - Б. 105.

6. Kazhgaliyev, N., Kulmagambetov, T., Ibrayev, D., Bostanova, S., Titanov, Z. Adaptation traits of second generation aberdeen-angus and hereford heifers in Northern Kazakhstan Pakistan Journal of Zoology, 2020, 52(2), стр. 767–774